

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 3 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ

Қатысқандар: қоғамдық-гуманитарлық цикл мұғалімдері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі

1. Гуманитарлық цикл мұғалімдерінің жұмысында ЖИ құралдарын пайдалану
2. ЖИ сервистері арқылы эссе, тест, шығармашылық тапсырмалар дайындау
3. Олимпиада мен пікірсайысқа дайындықта заманауи технологиялар және ЖИ
4. ЖИ арқылы дайындық сұрақтарын құрастыру
5. Диалогтік сценарийлерді модельдеу

Тыңдалды

1-мәселе бойынша

Әдістемелік бірлестік жетекшісі гуманитарлық пәндерде жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігін атап өтті. ЖИ арқылы мәтін талдау, тапсырма құрастыру, оқушының жеке қабілетіне сай оқу траекториясын жасау мүмкіндіктері түсіндірілді.

2-мәселе бойынша

ЖИ сервистері көмегімен эссе тақырыптарын, тест тапсырмаларын және шығармашылық жұмыстарды дайындау жолдары көрсетілді. Мұғалімдер нақты мысалдармен танысты.

3-мәселе бойынша

Олимпиада мен пікірсайысқа дайындықта заманауи цифрлық технологиялар мен ЖИ құралдарын пайдалану арқылы сұрақтар базасын құру, талдау дағдыларын дамыту жолдары талқыланды.

4-мәселе бойынша

ЖИ арқылы күрделілігі әртүрлі дайындық сұрақтарын, логикалық тапсырмалар мен аргументтерді құрастыру мүмкіндіктері ұсынылды.


5-мәселе бойынша

Тарихи тұлғалар, әдеби кейіпкерлер және пікірсайыс форматындағы диалог сценарийлерін ЖИ көмегімен модельдеу жолдары қарастырылды.

Қаулы етті

1. Гуманитарлық пән мұғалімдері сабақ барысында ЖИ құралдарын жүйелі қолдансын.
2. Әр мұғалім ЖИ арқылы эссе тақырыптары, тест және шығармашылық тапсырмалар дайындасын.
3. Олимпиада мен пікірсайысқа дайындық үшін ЖИ негізінде сұрақтар қоры жасалсын.
4. Диалогтік сценарийлер оқу процесіне енгізілсін.

5. ЖИ қолдану тәжірибесін тарату мақсатында ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары өткізілсін.

ӘБ жетекшісі:  (Сагандыкова М.У.)